

"Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы Каспий теңізінің түбін Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасында бөлу туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 235 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕДЕДІ:

«Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы Каспий теңізінің түбін Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасында бөлу туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мажілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министри

К. Мәсімов

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы Каспий теңізінің түбін Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасында бөлу туралы келісімді ратификациялау туралы**

2014 жылғы 2 желтоқсанда Ашғабатта жасалған Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы Каспий теңізінің түбін Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасында бөлу туралы келісім ратификацияланын.

Қазақстан

Республикасының

Президенті

Н.Назарбаев

**Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы Каспий теңізінің түбін Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасында бөлу туралы  
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан, Каспий теңізінің түбі мен жер қойнауының ресурстарын игеруге және пайдалануға өз егеменді құқықтарын іске асыру үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге үмтіл а

отырып,

Каспий теңізінің қолданыстағы құқықтық режимі қазіргі заманғы қажеттіліктерге сай келмейтінін және Каспий маңы мемлекеттерінің өзара қарым-қатынастарын толық көлемде реттемейтінін назарға ала отырып,

Каспий маңы мемлекеттерін олардың ортақ келісімі негізінде Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны тез арада жасауға шақыра отырып,

халықаралық құқықтың қағидаттары мен нормаларын басшылыққа ала отырып, осы Келісім Тараптар арасындағы тату көршілікті одан әрі нығайту мен өзара тиімді және тәң құқықты ынтымақтастықты дамытуға ықпал ететініне сенім білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

Тараптар арасында Каспий теңізінің түбі мен жер қойнауы халықаралық құқықтың қағидаттары мен нормалары ескеріле отырып, сондай-ақ Тараптардың уағдаластыры бойынша орта сызықтың негізінде салынатын сызық (бұдан әрі - бөлу сызығы) бойынша бөлінеді.

## 2-бап

Тараптар бөлу сызығын салу үшін Кронштадт футштогының нөліне қатысты 1977 жылғы Балтық жүйесі биіктіктерінің минус 28 метрлік белгісіне тәң Каспий теңізінің орташа көпжылдық деңгейін негізге алды.

Бөлу сызығы бұрылыш нүктелерінің координаттары Тараптармен келісілген 1942 жылғы координаттар жүйесіндегі картографиялық материалдар негізінде айқындалған және Бөлу сызығының бұрылыш нүктелері географиялық координаттарының каталогында (1-қосымша) бекітілген.

2001 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасын делимитациялау және оны демаркациялау процесі туралы шартқа 1-қосымшада көрсетілген № 13 шекаралық нүктесі бөлу сызығының № 1 бастапқы нүктесі болып табылады.

Бөлу сызығы осы Келісімге 1-қосымшада көрсетілген бұрылыш нүктелерін жалғайтын геодезиялық сызықтар арқылы өтеді.

Бөлу сызығының ақырғы нүктесі жекелеген халықаралық шартпен айқындалатын Қазақстан Республикасы, Түрікменстан және Әзербайжан Республикасы арасындағы Каспий теңізі түбінің участеклерін бөлетін сызықтардың түйісу нүктесі болып табылады.

Бөлу сызығы Тараптар келіскең, Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасында Каспий теңізі түбінің участеклері мен жер қойнауын бөлу сызығының схемасына (2-қосымша) түсірілді.

Осы Келісімге қосымшалар оның ажырамас бөлігі болып табылады.

## 3-бап

Халықаралық және ұлттық экологиялық нормаларға, талаптарға және стандарттарға сәйкес Тараптар өздерінің теңіз түбі участеклерінің шегінде Каспий теңізінің түбі мен

жер қойнаулары ресурстарын барлау, игеру және пайдалану, Каспий теңізінің түбі арқылы суасты кабілдері мен құбыржолдар төсөу, жасанды аралдарды, бермаларды, бөгетшелерді, эстакадаларды, платформаларды және өзге де инженерлік құрылыштарды салу, сондай-ақ теңіз түбінде басқа да занды шаруашылық-экономикалық қызметті жүргізу мақсатында егеменді құқықтарды жүзеге асырады.

Бөлу сызығы перспективалық құрылымдар мен кен орындарының үстімен өткен жағдайда оларды барлау және игеру мәселелері Тараптар арасындағы жекелеген келісімдердің нысанасы болады.

#### **4-бап**

Осы Келісімнің ережелерін түсіндірудегі және қолданудағы келіспеушіліктер консультациялар мен келіссөздер арқылы немесе Тараптардың таңдауы бойынша өзге де бейбіт құралдармен шешіледі.

#### **5-бап**

Осы Келісім Каспий маңы мемлекеттерінің Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі бойынша ортақ келісімге қол жеткізуіне кедергі келтірмейді және Тараптардың ортақ уағдаластықтарының бір бөлігі ретінде қаралуы мүмкін.

Бөлу сызығы Каспий маңы мемлекеттерінің Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі бойынша уағдаластықтарына сәйкес Тараптардың арасында олардың егемендігі мен юрисдикциясы қолданылатын теңіз белдеулерін делимитациялау үшін қабылдануы мүмкін.

#### **6-бап**

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын және осы Келісімнің 7-бабында айқындалған тәртіппен күшіне енетін жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

#### **7-бап**

Осы Келісім мерзімсіз болып табылады және оны ратификациялау туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

2014 жылғы 2 желтоқсанда Ашғабат қаласында әрқайсысы қазақ, түрікмен және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінді пайдаланатын болады.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**  
**YШІН**

Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан  
арасындағы Каспий теңізінің түбінде  
Республикасы мен Түрікменстан арасында  
б е л у т у р а л ы к е л і с і м г е  
1-қосымша

**TУРІКМЕНСТАН**


Түрікменстан түбінде  
Қазақстан арасында

**Белу сзығының бұрылыс нұктелері географиялық координаттарының  
КАТАЛОГЫ**

Белу сзығының бұрылыс нұктелерінің нөмірлері	Солтүстік ендігі	Шығыс бойлығы
№ 1 нұкте	41°45'42",88	52°26'46",41
№ 2 нұкте	41°44',0	52°18',9
№ 3 нұкте	41°43',3	52°14',5
№ 4 нұкте	41°41',4	52°06',9
№ 5 нұкте	41°39',9	51°40',4
№ 6 нұкте	41°35',6	51°12',5

Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан  
арасындағы Каспий теңізінің түбінде  
Республикасы мен Түрікменстан арасында  
б е л у т у р а л ы к е л і с і м г е  
2-қосымша

**Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасында  
Каспий теңізі түбінде участеклерін және жер қойнауын  
белу сзығының  
СХЕМАСЫ**



## ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:

- Қазақстан Республикасы мен Түркменстан арасында Каспий теңізі тұбінің участеклерін және жер қойнауын бөлу сызығы
- Бөлу сызығының бұрылыш нүктелері және олардың реттік номірлері
- Бөлу сызығының № 1 бастапқы нүктесі